

Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі 9 А сыныбының

2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысы бойынша атқарылған жылдық есебі.

1 қыркүйек күні Білім күніне орай “Мектебім – мейірім мекені” атты салтанатты саптүзеу ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың мектепке деген құрметін арттыру, патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбиені насихаттау. Саптүзеу барысында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалып, мектеп директоры мен ұстаздар оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтады. Жаңа оқу жылы қарсаңында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында келесі мәселелер талқыланды: Мектеп формасы туралы талаптар: мектеп формасының маңыздылығы, оның тәртіп пен оқушылардың біртұтас имиджін қалыптастырудағы рөлі түсіндірілді.

Ұлттық құндылықтар бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар жоспарға сәйкес өз уақытында өткізіліп отырды. 2 қыркүйек күні «**Менің Отаным – Қазақстан**» тақырыбындағы алғашқы бірыңғай сынып сағаттарын өтті.

Сынып сағаттың мақсаттары:

1. Білімге деген құндылықты қалыптастыру, өз Отаны үшін қажет және пайдалы болуға деген ұмтылыс.
2. Белсенді өмірлік ұстанымды, кәсіби маңызды қасиеттерді және олардың қоғам өмірінің түрлі салаларында көрініс табуына дайындығын қалыптастыру.
3. Өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға, жеке тұлғаның шығармашылық қасиеттерін дамытуға бағдарлау.

12 желтоқсан 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздік таңы!" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: Жас ұрпақты туған жерін, Отанын сүйуге, егеменді еліміздің рәміздерін құрметтеп, қастерлеуге, туған еліміздің өткен тарихын ұмытпай, еске алып отыруға, ата-бабаларымыздың қаны тамған жерді қорғай білуге, мұра боп қалған дәстүр, өнеге-салтымызды, ана тілімізді сүйіп, оны сақтай білуге тәрбиелеу. Оқушыларға қазақ халқының өзіндік тарихы, мәдениеті, рәміздері бар. Тәуелсіз ел екенін түсіндіріп, ұлттық патриотизм рухында тәрбиелеу. Аңсап халық көп күткен Егеменді ел болдық Көңіл - күйі тоқ жұртпен Тереземіз тең болдық.

Мектебімізде Жаңа жыл мерекесіне арналған барлық сыныптарға іс-шаралар ұйымдастырылды 27 желтоқсан күні сағат 18:00, 5-9 сыныптар арасында «Жаңа жыл – жаңа жыр!» атты ертеңгілігі өтті, жауапты: Атагулина Г.Д., Есмағамбетова А.С.

Тәрбие сағаттары мен ата-аналар жиналыстары өз уақытында өткізіліп отырылды. Онда «Таза бейсенбі», «Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі!», жазғы демалыс кезіндегі балалардың өмір қауіпсіздігі ережелі түсіндірілді. Жазғы демалыста өмір қауіпсіздігі және түнгі уақытта ата-анасыз жүруге болмайтындығы айтылып, ата-аналардан сенімхат алынды. Ата-аналармен жұмыс ватсап желісі және ұялы телефон арқылы үздіксіз жүріп отырды.